

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/ - (2023-2024) 13 беттің 1 беті
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені	

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән:	Фармацевтикалық гигиена
Пән коды:	FG 1301
БББ атауы:	«Фармация»
Оқу сағаттар көлемі / кредиттер:	120 (4 кредит)
Курс пен семестр:	1 курс, 2 семестр
Дәріс көлемі:	10 сағат

Шымкент, 2023 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Дәрілер технологиясы кафедрасы	044-43/ - (2023-2024) 13 беттің 2 беті
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені	

Дәріс кешені «Фармацевтикалық гигиена» жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және дәрілер технологиясы кафедрасы мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 14 «31_» 05_2023 г.

Кафедра меңгерушісі фарм.ғ.д., профессор



Сағындықова Б.А.

ДӘРІС № 1

1. ТАҚЫРЫБЫ: Фармацевтикалық гигиена және оның міндеттері. Провизор жұмысында гигиенаның ролі.

2. МАҚСАТЫ: Фармацевтикалық гигиена мақсаты мен міндеттерімен, санитарлық қызметті ұйымдастыру негіздерімен таныстыру.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Фармацевтикалық өнеркәсіптегі гигиенаның технологиялық өндіріс туралы сұрағы манызды болып тұр. Дәрілер өндірісі максимальды қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдайды қажет етеді. Дәрілік өнімдерді өндіру үдерісінде ерекше өндірістік фактор болып соңғыларының аптека және химиялық-фармацевтикалық өнеркәсіпте істейтін жұмысшыларға әсер ететіне ерекше көңіл аудару қажет. Технологиялық үдеріс кезінде санитарлық-гигиеналық тәртіпті бұзғанда және жеке бас гигиенасын сақтамағанда дәрілік заттар жұмысшылар ағзасына қолайсыз әсер сонымен қатар ұйымдылық әсер көрсетуі мүмкін.

Жалпы түсінік бойынша адамзат қоғамының сұранысын қамтамасыз ететін өндіріспен байланысты. Фармацевтикалық өндірістің негізгі міндетті ісі болып гигиеналық тәртіпті қатаң қадағалаумен жүретін тұрғындарды және ЕПМ-ді дәрілік заттармен, науқастардың күтіміне қажет заттармен, санитария заттарымен және басқада медицина тауарларымен уақытында қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендер фармацевтикалық факультетте еңбек гигиенасының негізін зерттеуді қажеттігін ажыратады, себебі дәріханада және фармацевтикалық өнеркәсіптегі ортаның факторларының санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларын ұйымдастыруға байланысты басты көңіл аударылу керек.

4. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: кестелер және анықтамалық материалдар слайдтар түрінде.

5. ӘДЕБИЕТ: қосымшада көрсетілген.

6. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Сақтық санитарлық қадағалаудың (ССҚ) принциптері қандай?
2. Фармацевтикалық гигиенаның мақсаттарын атаңыздыр.
3. Халық денсаулығына қоршаған орта ластануының қауіптілік дәрежесін қалай есептейді?
4. Қоршаған орта ластануына және халықтың денсаулық жағдайына болжамды баға беру жолдары қандай?
5. Фармацевтикалық өндірістің негізгі міндетті ісі гигиеналық тәртіпті қатаң қадағалау тәртібін атаңыз.

ДӘРІС № 2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 4 беті

1. ТАҚЫРЫБЫ: Дәрілер өндірісіндегі еңбек жағдайын анықтайтын өндірістік факторлар. Фармацевтикалық кәсіпорындардағы өндірістік зияндылықтар.

2. МАҚСАТЫ: Еңбек қызметінің орталық реттелуінің жалпы заңдылықтарымен, еңбек психологиясының негіздерімен таныстыру.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Еңбек гигиенасы мен өндірістік санитария, ол метеорологиялық жағдай, өндірістік шаң, зиянды газ және бу, діріл, шуыл, жарықтандыру, иондағыш сәулелендіру, адамның физиологиялық жағдайы, жұмыс барысының ауырлығы.

Өндірістік ортаның метеорологиялық жағдайы деп ауаның температурасы, дымқылдығы, қозғалыс жылдамдығы арқылы қалыптасатын физикалық күйін айтады. Әр өндіріс бөлімшесінің өзіне тән метеорологиялық жағдайын өндірістік микроклимат деп атайды.

Метеорологиялық факторлар адамның функционалдық, көңіл күйіне, денсаулығына үлкен әсер тигізеді. Ауаның жоғары температурасы адам денесінің қызуын көтереді, мол терлетеді, дем алысын және пульсін жиілетеді, адамда демікпе пайда болады, бас айналып ауырады.

Адам организмінде әртүрлі биохимиялық процестердің үздіксіз жүруіне байланысты денеде үнемі жылу шығып тұрады. Шығатын жылудың мөлшері физикалық ауырлықтан, адамның жас шамасынан және оның денсаулығынан тәуелді болады.

Бірақ адам денесінің пайдалы әсер коэффициенті аз болғандықтан, шыққан жылудың көпшілігідененен пайдасыз сыртқа шығу керек. Сондықтан адам денесінде жылу шығу үдерісі мен қатар үздіксіз сыртқа жылу беру үдерісінде жүріп отырады. Мұнда сыртқа берілетін жылудың шамасы сонша, дененің температурасы (сау адамның) қашанда тұрақты бір мөлшерде болады – орта есеппен 36,6 0С.

Жұмыс орындарында қолайлы метеорологиялық жағдайларды жасау және организммен сыртқы ортаның арасында жылулық теңдікті сақтау үшін көптеген шаралар қолданылады.

4. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: кестелер және анықтамалық материалдар слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ:қосымшада көрсетілген.

6. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар қалай бөлінеді?
2. Жылу шығатын көздерді оңашалау жолдары қандай?
3. Технологиялық процестерді механикалау және автоматтандыру жолдары.
4. Өндіріс бөлмелерінде жалпы және жергілікті желдету жолдары қандай?
5. Ыстық цехтарда ұнамды микроклиматта аз уақыт дем алатын орын ұйымдастыру.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 5 беті

1. **ТАҚЫРЫБЫ:** Микроклиматтың негізгі параметрлері. Өндірістік ортаның микроклиматын гигиеналық бағалау.

2. **МАҚСАТЫ:** Өндірістік ортаның микроклиматын гигиеналық бағалау және микроклиматтың негізгі параметрлерімен таныстыру.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Өндірістегі метеорологиялық жағдайлар еңбек гигиенасы тұрғысынан қарағанда ішкі ортаның физикалық факторының жиынтығы болады, оларға температура, ылғалдылық, ауа қозғалысы, жылу алмасуы және адамның жылу жағдайына әсер ететін инфрақызыл сәулелер кіреді.

Микроклиматтың көрсеткіштерінің өзгеруі және әртүрлі ауырлықтағы жұмысты орындау кезіндегі, дененің тұрақты температураны ұстап тұратын, адам ағзасының қабілеттілігінің термореттеу деп атаймыз. Ол заттардың алмасуының өзгеруі (химиялық термореттеу) мен жылу берудің (физикалық термореттеу) нәтижесінде жылу тізілудің арасындағы орнатылған белгілі қатынастарды қамтамасыз етеді. Адамдағы жылу алмасу процесінде, басты рольді үстіңгі тканьдар арқылы жылу беруді реттеудің физиологиялық механизмі атқарады, ол конвекцияның, сәулеленудің, буланудың әсерінен болады. адам ағзасында физиологиялық процестердің қалыпты өтуі үшін қажет, ол мұндағы ағзадағы бөлінген жылу қоршаған ортаға тарау үшін қажет. Жұмыс орнындағы микроклиматтың көрсеткіштерін өлшеу үшін, әртүрлі аспаптар қолданылады. жеке алып қарағанда:

- температура мен ауа ылғалдылығы – аспирациялық психометрмен мв- 4м, м- 34, электро термометрлері, қара бояумен боялған термометрлер;
- ауа қозғалысының жылдамдығын – анемометр (қанатты асо-3, ап-1м, чашкалы мс-13), термоанемометрлер там-1, цилиндрлік және шарлық ката термометрлік;
- жылулық сәулеленуге-анемометрлер (инспектрлық, имо-5).

Адам ағзасына микроклимат факторларының зиянды әсерін жою үшін және өндірістік ғимараттарда қалыпты жұмыс жағдайын қалыптастыру үшін ауалық ортаның көрсеткіштері, зиянды заттардың шрк бекіткен. Нормалар ауа температурасынан, оның салыстырмалы ылғалдылығын, ауа қозғалысының жылдамдығын, жұмыс аймағындағы энергия шығыны деңгейі бойынша орындалады жұмыстың ауырлығы (жеңіл, орташа ауыр, өте ауыр) және жыл мезгілін (жылы және суық) ескере отырып, рұқсат етілген шама мен тиімділігі түрінде, жылулық сәулеленудің қарқындылығы.

4. **ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР:** слайдтар түрінде.

5. **ӘДЕБИЕТ:** қосымшада көрсетілген.

6. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Өндірістік ықшам климатты нормалау жолдары.
2. Ықшам климаттың көрсеткіштері бойынша еңбек жағдайлары қалай жіктеледі?
3. Қолайсыз ықшам климаттың әсерін сақтандыру бойынша қандай шаралар қолданылады?
4. Ауаның салыстырмалы ылғалдығы және қозғалыс жылдамдығын немен өлшенеді.
5. Адам ағзасына микроклимат факторларының қандай зиянды әсері бар?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 6 беті

1. ТАҚЫРЫБЫ: Дәріхана мекемелерінің гигиенасы. Дәріханалардың жоспарлануына және жабдықталуына қойылатын гигиеналық талаптар.

2. МАҚСАТЫ: Дәріхана мекемелерінің санитарлық жағдайларымен таныстыру.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілердің өндірістік үй-жайларының және сақтау үй-жайларының ішін әрлеу (қабырғаларының, төбелерінің, едендерінің ішкі беттері), қабылдау үй-жайлары мен халыққа қызмет көрсету үй-жайларын әрлеу (қабырғаларының, едендерінің ішкі беттері) тегіс, ашық түсті және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды жинау жүргізуге жол берілетін материалдардан көзделеді.

Жабдықтың, жиһаздың, мүкәммалдың гигиеналық жабыны болуы, жуу және дезинфекциялау материалдарына төзімді материалдардан жасалған болуы тиіс. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілердің өндірістік үй-жайлары, өндірістік жабдығы, өндірістік жиһазы Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды жиналады. Өндірістік үй-жайларды, технологиялық жабдықты дайындау осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Персоналдың қол жууы үшін асептикалық блоктың шлюзінде, ассистенттік, жуатын бөлмеде, дәретханада раковиналар орнатылады.

Үй-жайды жинау үшін мақсаты бойынша қатаң түрде пайдаланылатын және арнайы бөлінген орында сақталатын таңбаланған жинау мүкәммалы бөлінеді. Өндірістік жабдықтарды жинауға арналған жинау материалы дезинфекциядан және кептіргеннен кейін шкафтарда сақталады.

4. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: кестелер, слайдтар түрінде.

5. ӘДЕБИЕТ: қосымшада көрсетілген.

6. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Дәріхана гигиенасына қойылатын талаптар.
2. Дәріханалардың объектілерін дезинфекциялау тәртібі.
3. Дәріхана қызметкерлерінің еңбектің гигиенасы және жеке гигиенасы.

1. ТАҚЫРЫБЫ: Дәріхана бөлмелерінің тазалығына және тазалауға қойылатын гигиеналық талаптар.

2. МАҚСАТЫ: Дәріхана бөлмелерінің тазартуға қойылатын гигиеналық талаптарды оқып үйрену.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Дәріхана ұйымдары мен мекемелерінің үй-жайлары қатаң түрде белгіленген мақсатта пайдаланылуы шарт. Дәріхана ұйымдарының қабырғалары мен төбелеріне қолданылатын жөндеу материалдары ретінде, жуып-тазалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін бояулар, эмальдар немесе ашық түсті глазуурленген тегіс кафель плиткаларды, медициналық ұйымдарда қолдану үшін дезинфекциялауға және ультра күлгін сәулелерге төзімді су өткізбейтін заттарды, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының, мекемелерінің рұқсатымен пайдаланылады.

Өндірістік үй-жайларда (ассистенттік, жуу, стерилизация жасау, дисциплина жасау, буып түю бөлмесі)- қабырғалар үшін олардың ұзындығы мен енін түгел қамти отырып жапсырылған кафель плиткалары пайдаланылады, төбесіне суландырмайтын сырлар пайдаланылады.

Едендеріне глазуурленбеген (терракотты) плиткалар, линолеум немесе релин төселіп, қиюласқан жерлері міндетті түрде сваркіленуге тиіс. Тез тұтанғыш, жанғыш, буланғыш сұйықтықтар сақталатын қоймалардың және басқа да жарылыс қаупі бар үй-жайлардың едендеріне антистатикалық және ұшқын шығармайтын материалдар төселуі керек. Жабдықтар мен дәріхана жиһаздары жинап-тазалауға қол жетпейтін орындар қалдырмайтындай және жарық көздерін қалқаламайтындай болып орналастырылады. Дәріхана жабдықтарының беті ішкі жағынан да, сыртқы жағынан да тегіс болуға, бұл үшін дәрілік заттардың және химиялық реактивтердің әсеріне төзімді материалдар пайдаланылуға тиіс. Атқарылатын жұмыстарға қатысы жоқ жабдықтарды өндірістік үй-жайларға орналастыруға тыйым салынады. Күн жақта орналасқан терезелер күн сәулесінен қорғайтын құрылғылармен (жалюздермен, маркиздермен) қамтамасыз етілуіне тиіс, олар терезенің сырт жағында немесе рамалардың арасында орналасады. Үй-жайларды желдету үшін пайдаланылатын фрамуттер немесе форточкалар жылы уақытта ұяларының көлемі 2х2 миллиметрден аспайтын металл немесе пластмасса торлармен қорғалады. Дәліздерден, дәріхана қызметшілерінің демалыс бөлмелерінен және кабинеттерден басқа Өндірістік үй-жайларда перделер кұруға, кілем төсеуге, гүл өсіруге, плакаттар ілуге болмайды. Өндірістік үй-жайларда жұмыс істеуге қажетті ақпараттық стенділер мен кестелер су шүберекпен сүртуге және дезинфекциялауға мүмкіндік беретін материалдардан дайындалуы қажет. Өндірістік емес үй-жайларды әшекейлік әрлеуге, оның ішінде көгалдандыруға, оларды күтіп-баптауға қажетті (шаңнан тазартатын, жуатын) мүмкіншіліктері болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ бұл жұмыстар аптасына кемінде бір рет орындалуы керек.

Келушілерге қызмет көрсету залындағы дәріхана қызметшілерінің жұмыс орындары ауа арқылы тез жұғатын инфекциялардан қорғайтын құрылғылармен жабдықталуға тиіс.

4. ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: слайдтар түрінде.

5. ӘДЕБИЕТ: қосымшада көрсетілген.

6. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Дәріхана бөлмелеріне қойылатын гигиеналық талаптар.

2. Дәріхана бөлмелерін тазалаудың нормалары.

3. Дәріхана жабдықтарын күтуге қойылатын санитарлық талаптар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 8 беті

1.ТАҚЫРЫБЫ: Дәріхана қызметкерлерінің еңбек гигиенасы. Дәріхана персоналының жеке гигиенасы және санитарлық-гигиеналық талаптар.

2.МАҚСАТЫ:Дәріхана персоналының жеке гигиенасы және санитарлық-гигиеналық талаптарымен танысу.

3.ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Дәріхана бөлмелерін жарықтандыруға қойылатын талаптардың қатаң орындалуы дәріхана қызметінің денсаулығын қорғау және еңбек өнімділігін арттырудағы маңызы өте зор.

Дәріхана қызметкерлері технологиялық процестерді орындауда денесін ұстауда ыңғайсыздыққа ұшырайды, аяғынан тік тұрып фармацевтер, санитарка – жуушылар болса, дәрі дайындаумен айналысатын жұмысшының еңбек позасы – бір орында отыру.

Аяғынан тік тұрып жұмыс істейтін қызметкерлер жалпақ табандылыққа ұшырайды да, аяқ ауырады, ісінеді, аяқ бұлшықеті тез шаршайды, балтыр бұлшықеті тартылады, ал ұзақ уақыт еңбек етушілерде көк тамырдың варикоздың созылуы, тромбофлебит дамиды. Ал ұзақ уақыт бір орында отырып омыртқа жотасының қисаюы, құрсақ іші қысымның жоғарылауы, іш құрсағы мен тік ішек көп тамырының бойында қанның жиналуы, ішектердің функциясының бұзылуы (атония мен іш қату) және геморройға әкеліп соғады. Қолдың және саусақ бұлшықеттерінің жекелеген топтарына күш түсетін, аз қозғалысты талап ететін және бір текті жұмысты орындау (өлшеу, ұнтақтарды орау, бюретка мен пипеткада сұйықтықтарды өлшеп алу) миозитке – кейбір жағдайларда – координаторының невроздарға соқтырады.

4.ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР:слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ:қосымшада көрсетілген.

6.БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1.Еңбек гигиенасының негіздері..
- 2.Жұмыс кезінде ағзада қандай өзгерістер болуы мүмкін?
- 3.Шаршау және зорығу. Олармен күресу жолдары.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 9 беті

1.ТАҚЫРЫБЫ: Фармацевтикалық өндірістің еңбек гигиенасы. Негізгі технологиялық процестердің гигиеналық сипаттамасы.

2.МАҚСАТЫ: Фармацевтикалық өндірістің еңбек гигиенасымен танысу.

3.ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Еңбек физиологиясы түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістермен адамның функционалды ағзасын түзету мүмкіндігімен байланысқан бағыты өзекті болып саналады. Олардың ұйымдары, жабдықталуы және жұмыс істеуі бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар болмаса оң нәтиженің айқын төмендеуіне немесе болмауына әкелуі мүмкін. Әр жұмысшы ағзасының функционалды жағдайын және жұмысқа қабілеттілік деңгейін оның қызметінің түріне тәуелсіз тексеру үшін ауысым алды бақылау мониторингінің және ауысым ішілік ағымды бақылау жүйелерінің автоматтандырылған жүйелерінөндеу еңбек физиологиясының нақты мақсаты.

4.ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ:

6.ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАРЫ (КЕРІ БАЙЛАНЫСЫ):

1. Еңбек гигиенасы бойынша негізгі нормативтік құжаттар.
2. Еңбек физиологиясы – еңбек гигиенасының бір бөлімі ретінде.
3. Мақсаттары мен міндеттері.
4. Еңбек қызметінің негізгі түрлері.
5. Бұлшық еттің статикалық және динамикалық (ортақ, аймақтық және жергілікті) жұмысы туралы ұғым.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024)
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		13 беттің 10 беті

1.ТАҚЫРЫБЫ: Өндірістік улар. Негізгі өндірістік улардан кәсіби уланулар және олардың алдын алу.

2.МАҚСАТЫ: Негізгі өндірістік улардан кәсіби уланулар және оларды алдын- алу тәсілдерімен игеру.

3.ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Химиялық заттардың жұмысшыларға әсері түрлі кәсіптік салада жұмыс жасау кезінде табиғи шикізатты өңдеу және алу, өндірістік өнімдерді дайындау мен тасымалдауда, транспортта жұмыс жасау барысында, ауылшаруашылығында және басқа да еңбек ету аясында байқалады. Әсіресе түрлі қоспалармен жұмыс жасау химиялық өндірісте байқалады, шикізат өнімдері, аралық қосылыстар жұмысшылардың денсаулығына зиянды әсерін тигізбей қоймайды. Бірақ өндірістің кейбір салаларында, тау-кен, машина жасау, мұнай, жеңіл өнеркәсіпте т.б өндірістік алқаптарда да жұмыс жасау барысында, белгілі бір химиялық өңдеуден химиялық заттар бөлінеді. Олар адам ағзасына енуімен бірге тері қабатын зақымдап, кәсіптік улану туғызуы мүмкін. Қазірде 7 млн. астам химиялық заттан түрі мәлім. Оның 600 мыңдайы ғана кең көлемде қолданыста. Халықаралық нарықта жыл сайын 500-ден 1000-ға дейін жаңа химиялық қоспалар мен қосылыстардың түрлері шығарылуда. Еңбек ету барысында адам ағзасына әсер етіп, оның жұмыс жасау қабілетін төмендететін немесе денсаулығына нұқсан келтіретін-химиялық заттардың қатарына өндірістік немесе кәсіптік улану жатады. Олар өндірістік улану немесе токсиндік заттар/токсиканттар деп аталады. «Өндірістік улану» ұғымына да кең мағынада жұмсалатын термин «зиянды зат» ұғымы. Зиянды заттар құрамында улар да, фиброгенді негіздегі аэрозолдар да кездеседі.

Экотоксикология - өндірістік уларды зерттейтін пән болып табылады. Ол өндірістік улардың ағзаға әсер етуін, қауіптілігі мен зияндылық деңгейін, гигиеналық тазалық сақтау нормативтерін шараларын ұйымдастырып нұсқау беріп отырады.

Өндірістік улар қатарына көп жағдайда, шикізаттық, аралық және өндірістің қалдық өнімдері жатады, сондай-ақ қоспалар, қосалқы заттар да өндірістік улар қатарына жатқызылады. Мысалы, химиялық зауыттарда шикізат ретінде бензол, күкірт көміртегі, анилин, хлор және басқа да улы заттарды қолданады.

Улардың әсер етуі жалпы резорбтивті немесе тікелей болуы мүмкін. Жалпы әсер етуі қанға удың сіңірілуі нәтижесінде пайда болады. Мұндағы жағдайда салыстырмалы таңдау жиі болады. Сол дене мүшесінің ерекше зақымдануы болады. Мысалы, марганецпен уланған нерв жүйесі, бензолмен уланған - қан айналым мүшелерін айтуға болады.

Тікелей әсер етуде удың тиген жерінде ұлпаның зақымдануы, ісу, тері және шырышты қабаттың іріңдеуі – әсіресе, қышқыл және сілтілік ерітінділермен және бумен жұмыс жасау барысында туындайды. Тікелей әсер ету түрі нерв талшықтарының рефлекторлық реакциялануы және ұлпа ыдырау барысындағы өнімдерді сорып алуға қатысты жалпы құбылыстармен сипатталады.

4.ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ: қосымшада көрсетілген.

6.БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Кәсіптік уланулар, жіктелуі.
2. Кәсіптік улануларды санитарлы-эпидемиологиялық тексеру әдістемесі.
3. Кәсіптік улануларды тексеру бойынша негізгі әдістемелік нұсқаулардың материалдары
Кәсіптік уланулар ошағында жүргізілетін міндетті шаралар және фармацевтің тактикасы. Негізгі өндірістік улардың сипаттамасы.
4. Тітіркендіргіш заттар. Органикалық еріткіштер.
5. Аллергендер мен кәсіптік аллергиялық аурулар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024) 13 беттің 11 беті
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		

1.ТАҚЫРЫБЫ: Фармацевтикалық өнеркәсіптерде санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз ететін GMP ережелері.

2.МАҚСАТЫ: Фармацевтикалық өнеркәсіптерде GMP ережелерімен танысу.

3.ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

GMP нұсқауы бойынша лицензияланған фармацевтік препараттар тек лицензияланған кәсіпорында шығарылуы керек. Тиісті фармацевтік тәжірибе өнімді оның қолданылуына және сауда лицензиясының талабына сәйкес сапа стандарттары бойынша шығаруды және бақылауды кепілдейтін сапаны қамтамасыз етудің тарауы болып табылады.

Сапаны бақылау - сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі болып табылатын және зерттеу жүргізу кезінде орындалатын процедураларды олардың сапасына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру үшін пайдаланылатын тәсілдер мен шаралар. Сапаны бақылау бөлімшесінің әзірлеу, валидациялау және сапаны бақылауға қатысты барлық рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ету, тиісті жағдайларда материалдар мен өнім үлгілерінің бақылау және (немесе) мұрағаттық үлгілерін қадағалау, материалдары мен өнімі бар қаптамалардың дұрыс таңбалануын қамтамасыз ету, өнім тұрақтылығына мониторинг жасау, өнім сапасына қатысты шағымдарды тексеруге қатысу сияқты міндеттері болады. Осы операциялардың бәрі құжатталған рәсімдерге сәйкес орындалады және, қажет болса, оның нәтижелері құжат жүзінде ресімделеді.

4.ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ: қосымшада көрсетілген.

6.БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. GMP туралы жалпы түсінік.
2. Стандарттың негізгі бөлімдері мен қосымшалары.
3. GMP стандарты және оның ҚР ендіру.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Дәрілер технологиясы кафедрасы		044-43/ - (2023-2024) 13 беттің 12 беті
«Фармацевтикалық гигиена» пәні бойынша дәріс кешені		

1.ТАҚЫРЫБЫ: Тиісті дәріхана практикасының талаптары мен негізгі элементтері (GPP).

2.МАҚСАТЫ:Фармацевтік өндірісте жұмсақ дәрілік түрлерді дайындау технологиясының ерекшеліктерімен таныстыру және дәрілік заттардың биологиялық тиімділігін қамтамасыз ететін факторларды оқып үйрету.

3. ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ:

Стандарт надлежащей аптечной практики (GPP) (далее – Стандарт) разработан с целью обеспечения надлежащего качества фармацевтических услуг, оказываемых фармацевтическими работниками населению Республики Казахстан, устанавливает требования к надлежащей аптечной практике и организации системы управления качеством.

Стандарт направлен на обеспечение населения качественными, безопасными лекарственными средствами и изделиями медицинского назначения, предоставление ему достоверной информации о лекарственном средстве, пропаганду здорового образа жизни и профилактику заболеваний, обеспечение рационального применения рецептурных лекарственных препаратов, влияние на прописывание и использование лекарственных препаратов и предоставление информации об имевших место побочных действиях лекарственных препаратов и оказание помощи при самолечении.

Положения настоящих Правил направлены на обеспечение взаимосвязи врача, пациента и фармацевта, позволяющие оптимизировать использование лекарственных средств, изделий медицинского назначения и оценить результаты лечения.

Стандарт распространяется на организации, осуществляющие розничную реализацию лекарственных средств, государственные органы, осуществляющие контроль за фармацевтической деятельностью юридических и физических лиц в сфере обращения лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники.

4.ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР: слайдтар түрінде.

5.ӘДЕБИЕТ:қосымшада көрсетілген.

6.БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1.GPP негізгі мақсаттары.
2. Стандарттың негізгі терминдері және қосымшалары.
- 3.GPP стандарты және оны ҚР ендіру.

Әдебиет

Қазақ тілінде

Негізгі :

1. Большаков, А. М. Жалпы гигиена : оқулық - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.
2. Жалпы гигиена бойынша тапсырмалар жинағы: оқу-әдістемелік құрал - М.: "Литтерра", 2016. - 208 бет с.
3. Өндірістік өнеркәсіптегі еңбек гигиенасы: оқулық /Қ.Қ. Тоғызбаева, А. Жаханов - Алматы: АҚНҰР, 2016. - 342 бет

Орыс тілінде:

негізгі:

1. Гигиена: учебник / М-во образования и науки РФ; под ред. П.И. Мельниченко - Рек. ГБОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И.М. Сеченова". - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 656 с.

Қосымша:

1. Сраубаев Е. Н. Фармацевтикалық гигиена негіздері [Мәтін] :оқу-әдістемелік құрал / Е.Н.Сраубаев, С.Р.Жакенова, Н. У. Шинтаева. - Алматы :Эверо, 2014. - 104 бет. с
2. Основы фармацевтической гигиены: учеб.-методическое пособие / Е. Н. Сраубаев, С. Р. Жакенова, Н. У. Шинтаева. - Алматы :Эверо, 2014. - 112 с.
3. Еңбек гигиенасы саласындағы санитарлық сараптама жөніндегі нұсқаулық: оқу-әдістемелік нұсқау / Е. Н. Сраубаев; - Қарағанды: 2014. - 536 бет
4. Еңбек гигиенасы. 1 бөлім. Жалпы еңбек гигиенасы : оқулық / Б.Б.Мендибаева. - Алматы : Эверо, 2017. - 320 бет
5. Еңбек гигиенасы. 2 бөлім. Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, құрылыстың жеке салаларындағы еңбек гигиенасы: оқулық / Б.Б.Мендибаева. - Алматы : Эверо, 2017. - 264

Электрондық оқулықтар:

1. Сраубаев., т.б. Фармацевтикалық гигиенаның негіздері. – Оқу – әдістемелік құрал. – Аматы: Эверо, 2020. – 104 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/408/
2. Сраубаев Е.Н. и др. Основы фармацевтической гигиены. – Учебно-методическое пособие. – Алматы: Эверо , 2020. - 112 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/407/
3. Большаков, А. М. Жалпы гигиена:оқулық / - 3-бас. , қайтаөнд. және толық. - Электрон. текстовые дан. (46.8Мб). - М.: ГЭОТАР
4. Жалпы гигиена: медициналық колледждерге арналған электронды оқу құралы / - Электрон. текстовые дан. (18,7 Мб). - Түркістан : ОҚО, 2012. - эл. опт.
5. Еңбек гигиенасы: оқулық / қаз. тіліне ауд. Г. Қ. Амантаева ; ред. Н. Ф. Измеров. М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 480 бет.